

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Наркомы Казахстана. 1920-1946 гг. Библиографический справочник. / Сост. М.Х. Жакыпов, А.С. Зулкашева, А.И. Ипмагамбетова, Е.В. Чиликова. – Алматы: Арыс, 2007. -400 с.
- 2 Қазақ Совет Энциклопедиясы. /Бас ред. М.Қ. Қаратаев. -Алматы, 1977. Т.10. -648 б.
- 3 Кәкішұлы Т. Дала дауылпазы. Ғұмырнама. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 408 б.
- 4 Касымов С.С. Сәкен Сейфуллиннің үкімет басшысы ретінде ауыл шаруашылығын көтерудегі рөлі. // ҚазҰУ хабаршысы. – 2008. №3(50). -12-17 бб.
- 5 ҚР ОММ. 771-қ, 1-т., 3-іс. 3-4 пп.
- 6 ҚР ОММ. 30-қ., 1-т. 25-іс. 19-п.
- 7 ҚР ОММ. 30-қ., 1-т. 230-іс. 10-п.
- 8 ҚР ОММ. 30-қ., 1-т. 230-іс. 36-п.
- 9 ҚР ОММ. 30-қ., 1-т. 230-іс. 43-п.
- 10 Советская степь. 1923 жыл. – 23 желтоқсан. -2 б.
- 11 Абсеметов М. Сәкен Сейфуллин – Председатель Совета Народных Комиссаров Казахстана (г. Оренбург, 1922-1924). – Астана: Рухпресс, 2006. -416 с.
- 12 Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925 гг). Сборник документов и материалов / Под ред. Г.Ф. Дахштейгера. – Алма-Ата: Издательство АН Казахской ССР, 1962. -594 с.
- 13 Советская Киргизия. 1923 жыл. - №1. -6-7 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАРҚАРАЛЫ КЕЗЕҢІ: ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МЕКТЕБІ

Тұрған Ф.Б., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
тарих факультеті, «Халықаралық қатынастар» мамандығы, 3курс студенті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Ғылыми жетекші: **Төлеуова Бақытгүл Тілеубайқызы**, т.ғ.к., Бүкіләлем тарихы және
халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры

fariza_turgan@mail.ru

*«Қазақ-ау! Тузуің бірігіп, қазақ үшін
қызмет қылатын кез келген жоқ па?»*

Әлихан Бөкейхан

Әлихан Бөкейхан – қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының бетке ұстар қайраткері, Алаш көсемі. Оның тұлғалық және саяси қалыптасуында Қарқаралы өңірі айрықша рөл атқарды. Қарқаралы – оның балалық, жастық шағының, алғашқы оқу-ағарту тәжірибесінің ордасы ғана емес, сонымен қатар, ұлттық идеяның бастау бұлағы болған мекен. Бұл өлкеде өткен балалық шағы мен білім жолындағы алғашқы қадамдары, туған халқының болашағына деген сүйіспеншілік сезімімен астасып жатты. Қарқаралыда өткен жылдар Әлиханды туған елі мен жерінің тарихына, тіл мен дінге, халықтың тұрмыс-тіршілігіне терең үңілуге жетеледі. Осы кезеңде ол қазақ халқының саяси және әлеуметтік мәселелерін тереңірек түсініп, болашақта ел болашағына қызмет ету идеясын санасына сіңіре бастады. Ұлттық рух пен тарихи таным оны ел ішіндегі әділетсіздікке бейжай қарамауға итермеледі. Осындай рухани қалыптасу кезеңі кейінгі қайраткерлік жолының темірқазығына айналды.

Қарқаралыдағы рухани-мәдени негіз

Қарқаралы – қазақ халқының рухани, мәдени және саяси өмірінде өзіндік орны бар тарихи өлке. Бұл өңір тек әкімшілік орталық ретінде ғана емес, сонымен қатар, ағартушылық

пен ұлттық сананың ұйытқысына айналған орта болды. Осындай күрделі де бай ортада өскен Әлихан Бөкейханның дүниетанымына Қарқаралының рухани-мәдени кеңістігі айрықша ықпал етті. Сағымбай Жұмағұловтың «Әлихан Бөкейхан» атты терең зерттеуі бұл кезеңнің тарихи-әлеуметтік мәнін кеңінен ашады. Автор деректер мен айғақтарды пайдалана отырып, қайраткер өмірінің маңызды сәттеріне тоқталып, оның ұлттық болмысты, мемлекетті қалыптастыруға қосқан үлесін терең талдайды. Сонымен қатар бұл еңбекте Әлихан тұлғасының қалыптасу процесі, оның гуманистік көзқарастары мен демократиялық ұстанымдары жан-жақты сипатталған [1].

Әлихан алғаш сауатын Зариф молда медресесінде ашып, кейін Қарқаралыдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебі мен үш жылдық қалалық училищеде білім алды. Бұл оқу орындары сол дәуірдің озық білім беретін мекемелерінің бірі болып, мұнда орыс тілі мен әдебиеті, арифметика, география, шығыс тарихы секілді пәндер оқытылды. Осы кезеңде ол тек оқу бағдарламасымен шектелмей, орыс және шығыс мәдениетін, әдебиетін қатар меңгеріп, ой-санасын кеңейте түсті.

Дала өлкесінің болашақ саяси көшбасшысының қалыптасуына оның ұстаздары П.И. Серебрянский, Н.М.Блинов, Д.М. Вяткин әсерін тигізді. Бұл ұстаздардың қызметі Қарқаралы ауданының өміріндегі маңызды оқиғалармен тура келді. 19 ғасырдың аяғында Батыс Сібір әскери топографиялық басқармасының мамандары Қарқаралыға келе бастады, оның табиғаты мен жер бедерін белсенді түрде зерттеп, пайдалы минералдар мен таснұсқаларды жинайды. Серебрянский мен Вяткин олармен бірге жұмыс істеді, кейінірек осы бөлімге мүшелікке қабылданды. Вяткин сонымен қатар Қарқаралы ауданының мәселелеріне арналған көптеген басылымдардың авторы болды. Әрине, Ә.Бөкейхановтың мұндай адамдармен араласуы оның сыни ой-өрісін, білуге құштарлығын, туған жерге деген сүйіспеншілігін дамыта түсті.

Қарқаралыда алған іргелі білімінің арқасында Әлихан Омбы техникалық училищесіне оқуға түсіп, кейін Санкт-Петербургтегі Орман шаруашылығы институтында жоғары білім алып, экономика мамандығын меңгерді. Ә.Бөкейхановтың немересі Е.С. Бөкейханов өз хатында «Қарқаралы табиғаты оны өзінің ұлы болған даласымен ғана емес, орманымен де тәнті етті. Оның дүниетанымы мен көзқарасының қалыптасуына Омбы мектебіндегі ұстаздары, атап айтқанда, орман шаруашылығы институтының профессоры Бородинге ұсыныс хат жазған директор Н.Е.Доброхотов та әсер етті» деп жазған [2, с. 138]

Ә.Бөкейханов Омбы мен Петербургте оқыған кезінде екі рет Қарқаралыға барып, ұстаздармен де араласады. Екі жақ бір-біріне ынта-жігермен, Қарқаралы орман қоймасын сақтауға деген сеніммен жұқтырды. Ә.Н.Бөкейханов өз жерінде орманшы болып кетуі әбден мүмкін еді. Бірақ ол басқа жолды таңдады. Орман шаруашылығы институтындағы академиялық білім Әлиханың ішкі рухани ізденістерін толық қанағаттандырған жоқ. Ол Қарқаралыда жүріп-ақ ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерге ден қойып, патша өкіметінің отарлық саясатының мәнін терең түсіне бастады.

Бұл кезең – Әлиханның отарлық езгіге қарсы алғашқы азаматтық көзқарастары қалыптасқан уақыт. Жер мәселесі, қазақтардың өз тілінде білім алу құқығы, діни сенім бостандығы, басқару жүйесіндегі әділетсіздік сынды проблемалар оны терең ойға қалдырды. Қарқаралыда өткен жастық шағы оны тек біліммен қаруландырып қана қоймай, ел тағдырына алаңдайтын саналы азамат ретінде тәрбиеледі. Қоғамдық өмірге ерте араласуы, халықпен етене араласуы, жергілікті зиялы қауыммен байланысы оның бойында жауапкершілік пен ұлттық намыс отын тұтатты. Бұл тұста Қарқаралыны тек географиялық мекен ретінде емес, Әлиханның ұлттық сана мен саяси танымының қалыптасуындағы рухани-мәдени орта ретінде қарастыру орынды. Дәл осы негізінде оның бойындағы көшбасшылық қасиеттер, әділет үшін күрескерлік мінез, ұлттық мүдде жолындағы табандылық секілді қасиеттердің негізі қаланды. Осы тұрғыдан алғанда, Қарқаралы – Әлихан

Бөкейханның тұлғалық және идеялық эволюциясының бастау нүктесі, болашақ Алаш көсемінің «қалыптасу мектебі» болды.

Саяси күрес пен Қарқаралы петициясы

XX ғасыр басы – қазақ қоғамы үшін саяси серпілістерге толы өтпелі кезең болды. Ресей империясының отарлық саясаты тереңдеп, жергілікті халықтың саяси, әлеуметтік және мәдени құқықтары шектеле бастаған тұста қазақ зиялылары ұлт тағдырына алаңдап, белсенді қоғамдық-саяси күрес жолына шықты. Осындай күрестің бастамасы ретінде тарихта қалған маңызды оқиғаның бірі – 1905 жылғы Қарқаралы петициясы еді. Қарқаралы петициясы – 1905 жылы шілде айында жазылып, патша өкіметіне жолданған, қазақ халқының мұң-мұқтажын білдірген саяси сипаттағы алғашқы құжаттардың бірі. Бұл петицияның мәні – қазақ даласында қордаланған әлеуметтік, ұлттық және құқықтық мәселелерді заң шеңберінде көтеру арқылы отарлық әкімшілікке саяси талап қою. Құжатта жер мәселесі, оқу-ағарту, дін бостандығы, ана тілінде білім алу, баспасөз еркіндігі, сондай-ақ қазақтардың өз аумағында еркін өмір сүру құқығы секілді 11 баптан тұратын талаптар нақты көрсетілді. Петицияның мазмұны қазақ халқының ғасырлар бойы қордаланған мәселелерін жүйелі түрде білдіріп, отарлық басқару жүйесіне алғаш рет заңды қарсы үн қату әрекеті болды. Бұл тұрғыдан алғанда Қарқаралы петициясы – қазақ саяси санасының жаңғыруындағы алғашқы ірі қадамдардың бірі ретінде бағаланады. Петицияны жазу мен ұйымдастыру ісінде Әлихан Бөкейханның рөлі ерекше болды. Ол тек қол жинау жұмысына басшылық жасап қана қойған жоқ, сонымен қатар құжаттың мазмұнын құрастыруға белсене атсалысты. Петиция 14 мыңнан астам адамның қолын жинап, 1905 жылы тамыз айында II Николай патшаның атына жолданды. Бұл – сол кездегі қазақ даласындағы саяси ұйымдасу мен халықты жұмылдырудың айқын көрінісі еді. Бұл тарихи құжатта келесі талаптар алға қойылды:

- Қазақтарға тиесілі жерлердің тартып алынуын тоқтату;
- Оқу-ағарту ісін ана тілінде жүргізу;
- Қазақ тілін ресми қолдануға енгізу;
- Діни сенім бостандығына рұқсат беру;
- Баспа және баспасөз еркіндігін қамтамасыз ету;
- Халықтың өз мұңын өзі айтып жеткізе алатын өкілдік орган – Мемлекеттік Думаға қатысу құқығы.[3]

Петицияның басты ерекшелігі – онда тек шағым немесе арыз ғана емес, саяси талаптар мен ұлттық мүддені көздеген ұсыныстар берілді. Бұл сол уақыттағы қазақ зиялыларының саяси сауаттылығы мен көрегендігін танытады. Қарқаралы петициясы – Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қабілетінің ашылған тұсы. Ол петиция арқылы ұлттық мүдде мен халықтың құқығын қорғаудың бейбіт әрі заңды жолын көрсете білді. Бұл оқиға оның Алаш қозғалысындағы орны мен беделін айқындай түсті. Сонымен бірге петицияға байланысты жүргізілген жұмыстар қазақ интеллигенциясының бір мақсат төңірегінде біріге алатындығын, халықты соңынан ерте алатын саяси ұйым ретінде қалыптасып келе жатқанын байқатты. Петицияға қатысты әрекеттер билік тарапынан елеусіз қалмады. Құжатқа қол қойғандар мен оны ұйымдастырғандар патша әкімшілігінің бақылауына алынып, кейбірі қуғынға ұшырады. Бірақ бұл үрей қазақ зиялыларын тоқтата алмады. Қайта олардың саяси күреске деген сенімін күшейтіп, кейіннен Алаш партиясының, Алаш Орда үкіметінің құрылуына алғышарт болды [4]. Қарқаралы петициясы – қазақ халқының отарлық саясатқа қарсы тұру тарихындағы айрықша белес, ал Әлихан Бөкейхан – сол тарихи кезеңнің рухани және саяси жетекшісі. Бұл құжат – қазақ саяси тарихындағы жаңа дәуірдің бастауы, ұлттық сана мен саяси күрестің алғашқы нақты қадамы ретінде бағаланады.

Экономикалық көзқарастары және аграрлық реформалар

Әлихан Бөкейхан тек саяси көшбасшы ғана емес, қазақ халқының экономикалық болашағына терең мән берген, заманының озық ойлы экономист-ғалымы болды. Оның

аграрлық көзқарастары мен реформаларға қатысты ұстанымдары негізінен отарлық жүйеге қарсы ұлттық мүддені қорғауға бағытталды. 1896–1901 жылдары Ресей империясы қазақ даласында жүргізген Щербина экспедициясына қатысуы оның осы бағыттағы ғылыми ізденістеріне тың серпін берді. Бұл экспедиция барысында Әлихан Қарқаралы, Ақмола, Семей уездеріндегі жер жағдайын, көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктерін, мал шаруашылығы мен егіншіліктің әлеуетін мұқият зерттеді [5].

Ә.Бөкейхановтың Щербина экспедициясы құрамындағы жұмысы туралы белгілі орыс ғалымы С.П.Швецов былай деп жазды: «Оның экспедиция кезінде жасаған еңбегі автордың қазақ шаруашылығының терең білімі мен түсінігін, үлкен объективтілігін және сол уақытқа дейін толық зерттелмеген қазақ шаруашылығының ең күрделі құбылыстарын іс жүзінде бағалай білу қабілетін аша отырып, жоғары сапасымен ерекшеленеді» [6, с. 104].

Экспедиция жұмыстары кезінде ол: «Жерсіз ел – халық емес», – деп жазып, қазақ даласында жүріп жатқан қоныстандыру саясатының қазаққа тигізер қауіпті салдарын ескертті [7]. Оның пікірінше, отарлық биліктің жер саясаты – қазақ шаруасын кедейлік пен кіріштілікке итермелейтін құрал болатын. Сондықтан Әлихан жерді жеке меншікке емес, қауымдық иелікке беруді, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық моделін ескере отырып, жер пайдалану нормаларын белгілеуді ұсынды. Ол бұл мәселені тек экономикалық емес, ұлттық қауіпсіздік пен саяси дербестікпен тікелей байланысты деп есептеді. Бөкейхан кооперацияны дамыту арқылы ауыл шаруашылығын модернизациялауды көздеді. Оның пікірінше, қазақ шаруаларының өмір сүру деңгейін көтеру үшін кооперативтер құру, несие ұйымдарын ашу, ауылшаруашылық білімін тарату қажет еді. Ол: «Қазақтың шаруасы ғылымға сүйеніп, кәсіпке көшпесе, күнелтуі қиын» – деп жазды. Бұл ойлары оның тек саясаткер ғана емес, қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын терең түсінетін ойшыл реформатор екенін дәлелдейді. Оның аграрлық реформаларға қатысты еңбектері мен тұжырымдары – бүгінгі жер қатынастары, ауылды дамыту, азық-түлік қауіпсіздігі сынды өзекті мәселелер тұрғысынан да маңызды. Әлихан Бөкейхан ұсынған экономикалық модель – ұлттық болмысты сақтай отырып, заманға сай даму жолын табу идеясын ұсынады. Сондықтан оның аграрлық саладағы мұрасы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де өз маңызын жоймаған, өміршең ойлар жиынтығы.

Ағартушылық және баспасөздегі рөлі

Әлихан Бөкейханның публицист ретінде ағартушылық саласындағы еңбегі де зор болды. Ол «*Дала уалаяты*», «*Қазақ*», «*Айқап*» секілді басылымдарда ұлт мәселесі, «қазақты қалай ел қыламыз» деп, аталы жұрт болудың қамын ойлап көптеген мақалалар жазды. Әлихан публицистикасын тек ақпарат тарату құралы ретінде емес, ұлттық сана мен қоғамдық пікірді қалыптастыру тетігі ретінде пайдаланды. Ол ауыл мектептерінің жабық болуын, отарлық биліктің білім берудегі шектеулерін сынға алып, ағартушылықты басты мақсат ретінде ұстанды. Әлиханның жазған әр мақаласы – замандастарына рух беріп, оларды ұлт болашағы үшін күреске жұмылдырудың құралы болды. Оның ағартушылық идеялары халықты надандықтан арылту, сауат ашу, ұлттық мәдениетті сақтау мен дамыту мәселелеріне арналды. Сонымен қатар, ол қазақ балаларының ана тілінде білім алуын қолдап, мектептерде қазақ тіліндегі оқулықтардың болуын талап етті. Ол білімді ұлттың ғана болашағы бар екенін түсінді және осы жолда бар күшін салды. Әлиханның мақалаларынан оның гуманистік көзқарасы мен демократиялық принциптері айқын көрінеді. Оның публицистикалық мұрасы бүгінгі тәуелсіз қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі ретінде бағаланады және қазіргі журналистиканың мазмұндық бағытына да үлкен әсер еткен. Ә.Бөкейхановтың ұлттық білім беру жүйесі мен ұлттық журналистиканың қалыптасуына қосқан үлесін айта отырып, «Қазақ» газетінің ұйымдастырылуы мен жұмысындағы көшбасшылық қасиеттерін атап өткен жөн. Оның беделінің арқасында «газет төңірегіне қазақ зиялыларының жетекші белсенділерің біріктіріп, оларды болашақ саяси қызметтің ұйытқысына айналдыруға мүмкіндік туды» [8, с. 146].

Қорытынды

Әлихан Бөкейханның Қарқаралы кезеңі – оның ұлтқа қызмет ету жолындағы маңызды кезеңдердің бірі болды. Қарқаралыда алған рухани, саяси, ғылыми негіздер кейінгі бүкіл қызметінің іргетасына айналды. Осы мақала арқылы оқырман тек алаш көсемінің өмірбаянын емес, сонымен қатар, сол дәуірдегі қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси тынысын, отарлық саясаттың сипатын, қазақ зиялыларының азаттық жолындағы жанкешті күресін де көре аламыз. Бұл мақала – өткенге тағзым ете отырып, келешек ұрпаққа тарихи сабақ беру мақсатын көздейді. Ұлт көсемінің өнегесі – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның іргетасы.

Әлихан бастаған ұлт зиялыларының күресі – азаттыққа жетудің алғашқы баспалдағы еді. Олар ұлттың мүддесін бірінші орынға қойып, білім мен парасатты қару етіп, халықтың санасын оятуға тырысты. Қарқаралы петициясы – сол мақсаттағы нақты қадамдардың бірі. Бұл тарихи құжат қазақ халқының саяси сауаты мен бірлігін көрсеткен айқын дәлел болды. Әлиханның сол кезеңде қалыптасқан көзқарастары кейінгі «Алаш» идеясының негізіне айналды. Ол тек саясаткер ғана емес, ғалым, публицист, халық жанашыры ретінде де ел есінде қалды. Сондықтан ұлы тұлғаның Қарқаралыдағы қызметі – тәуелсіздікке жетелеген ұлы жолдың бастауы, ел тарихындағы ұмытылмас кезеңдердің бірі.

Сондай-ақ, бұл кезең Әлихан Бөкейханның болашақтағы күрескерлік бағытын анықтап берген, оның ұлттық қозғалыстың теориялық әрі практикалық негіздерін қалыптастырған тұсы болды. Қарқаралыда жүріп ол халықпен тығыз байланыста болды, елдің мұңын естіп, жадында сақтады. Әлиханның өмір жолы мен мұрасы бүгінгі жас ұрпақ үшін – ұлтқа адал қызмет етудің, парасат пен білімнің үлгісі. Оның Қарқаралыдағы рухани және қоғамдық қызметін тану – ұлт тарихын тереңірек түсінуге жол ашады. Бұл жол – тек өткеннің шежіресі емес, болашаққа бағыт беретін тарихи бағдар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Смахан төре Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. Әлекеңнің өмірі // Естеліктегі Алаш: әдеби-танымдық басылым. / Құраст. С.Б.Жұмағұл. 1-басылым. – Қарағанды: «TENGR Ltd», 2018. – 676 б.
2. Шотбакова Л.К., Смагулова Г.М., Попов Ю.Г. Творцы и свидетели истории Каркаралинска: Монография. – Қарағанды: «САНАТ-Полиграфия» баспасы, 2019. – 328 б.
3. Алаштың Қарқаралысы. Танымдық жинақ. – Қарағанды, 2024 – 271 б.
4. Тілешов Е. «Алаш туы астында...». Алаш қозғалысының қайраткерлері, қатысушылары және оқиғалары. Танымдық басылым. – Астана: «Арман Медиа», 2013. – 198б.
5. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары – Сочинения / Әлихан Бөкейхан. Толықт., екінші бас. Құрастырған, алғысөздері мен түсініктерін жазған және библиографиялық көрсеткішті жасаған – Сұлтан Хан Жүсіп (Аққұлы). Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016. – Қазақша, орысша. Т. 3. – 2016. – 656 б.
6. Козодой В. И. Алихан Букейханов: человек-эпоха. - Алматы, Новосибирск: «Дом мира» баспасы, 2021. - 312 с.
7. Бөкейхан Әлихан. Қазақ жерінің жоқшысы - Собиратель казахских земель / Әлихан Бөкейхан. Құрастырған, алғысөздері мен түсініктерін жазған және библиографиялық көрсеткішті жасаған – Сұлтан Хан Жүсіп (Аққұлы). – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016. – Қазақша, орысша. Т. 15. – 2016. – 576 б.
8. Султанов О.С. Проблемы сельского хозяйства в трудах А. Букейханова // Известия ВУЗов (Кыргызстан). – 2010. – № 4. – Б. 104-105.